

**Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп бойынша 2021-2022 оқу жылындағы  
бракераж комиссиясы**

**АКТ**

15-19.11.2021

**Біз төмендегі қол қоюшы комиссия мүшелері:**

1. А.Меңдігереева-мектеп директоры, комиссия төрағасы;
2. А.Жангельдина-директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, мүшесі;
3. С.Байдешева-директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, мүшесі;
4. С.Бекмағамбетова-мектеп медбикесі, мүшесі;
5. Ғ.Рахматтулина-директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары, мүшесі;
6. Н.Рахметқалиева-әлеуметтік педагог, мүшесі;
7. А.Даулетияров-ата-анасының кеңесінің төрағасы, мүшесі;

Мектепте тамақтандырудың сапасына зерделеу жүргізу жөніндегі комиссия мүшелері оқушылардың уақытылы және сапалы тамақтандырылуы мәселелерінің шешімін табу үшін оқушылардың тамақтану сапасын үнемі бақылауда. Комиссияның мақсаты – мектептегі оқушылардың сапалы тамақтануын ұйымдастыру. Мектеп асханасында 1 аспаз, 1 көмекші, 2 ыдыс жуушы және 1 еден жуушы қызмет атқарады.

Сондай - ақ, асханадағы ыстық тамақтың ұйымдастырылуы мен сапасын қадағалау мақсатында комиссия мүшелері айына 2 рет рейдке шығып тұрады. Мектеп асханасы санитарлық талапқа сай. Асхана 2 апталық ас мәзірімен ас дайындайды. Мектеп басшысымен бекітілген күнделікті ас мәзірі ілінген. Бекітілген ас мәзірі мен күнделікті ас мәзірі сәйкес келеді. «Асхана» бұрышы ұйымдастырылып, керекті құжаттармен толықтырылған. Пікірлер мен ұсыныстар журналы ілінген. Дайындаған тамақтың сапасын мектеп медбикесі үнемі бақылап, сынама алып отырады. Мектепте тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мүшелерінің жұмысы өз деңгейінде жүргізілуде.

Біз төмендегі қол қоюшы комиссия мүшелері аталған жұмыстардың жүргізілуін растап қол қоямыз:

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:



А.Меңдігереева

А.Жангельдина

С.Байдешева

С.Бекмағамбетова

Ғ.Рахматтулина

А.Даулетияров

Н.Рахметқалиева



**Ш.Уәлиханов атындағы орта мектеп бойынша 2021-2022 оқу жылындағы мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру сапасына жүргізілген зерделеу жұмыстары туралы**

**ХАБАРЛАМА**

Атырау облыстық білім беру басқармасының Индер ауданы білім бөлімінің 2021 жылдың 12 қарашасындағы №05-04-01/1561 хаты негізінде 15-19 қараша аралығында бракераждық комиссиямен, 22-26 қараша аралығында қамқоршылық кеңес мүшелерімен зерделеу жұмыстары жүргізілді. Атырау облысы білім беру басқармасының Индер ауданы білім бөлімінің Ш.Уәлиханов атындағы орта мектепте 2021 жылдың 1 қыркүйегінде мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыру туралы №75 бұйрық шығарылып, бастауыш сынып оқушыларының тамақтану кестесі жасақталып, әлеуметтік осал топ санатына жататын 5-11 сынып аралығында тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың тізімі және тамақтану кестесі жасақталып, бекітілді. Аталған бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес тамақтану шараларын ұйымдастыруға арналған іс шаралар жоспары жасақталып, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізіліп келеді. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес, мектеп оқушыларының тамақтанудағы дайындалған тамақтардың сапасын мерзімдегі бағалауға арналған мектепшілік бракераж комиссиясы құрылды. Комиссия құрамы 7 адамнан тұрады. Асханадағы ыстық тамақтың ұйымдастырылуы мен сапасын қадағалау мақсатында комиссия мүшелері айына 2 рет рейдке шығып, АКТ жасалынады. Зерделеу барысында, тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімі, сертификаттарын қарап, тағам сапасының дәмділігі, тәуліктік екі мезгіл ас мәзірінің сынамасы алынып сақталатындығы анықталды. Асхана 2 апталық ас мәзірмен ас дайындайды. Тексеру уақытында бекітілген ас мәзірі бойынша күнделікті бір күндік ас мәзірі сәйкес келеді, сонымен қатар, тағамның құрамына керекті ингредиенттері бойынша тамақ дайындалатындығы анықталып және балалар жас ерекшелігіне байланысты (7-10 жас, 11-14 жас, 15-18 жас) тағамның шығымдарына (г) сай тамақтануда. Аспаздың қолымен және мектеп басшысымен бекітілген күнделікті ас мәзірі стендке ілініп отырады. Асханадағы техникалық құжаттамаларды бақылау бұрышы ұйымдастырылып, қажетті құжаттармен толықтырылған. Пікірлер мен ұсыныстар журналыда ілінген. Күнделікті ас мәзіріндегі дайын тамақтың сапасын бақылау (бракераждық) журналын, тамақтың сапасын үнемі мектеп медбикесі бақылап, сынама алып



отырады.Тексеріс барысында асхананың іші таза,жарық,койма ішінде иіс жоқ,жинақы екендігі,ас ішетін блоктың жағдайы яғни,терезе,еден,үстел үсті сүртілгендігі,асханадағы құрал-жабдықтар дайын,таза,эр ыдыс орнында екендігі байқалды.Асхана ішінің санитариялық-гигиеналық жағдайы,тамақтың сақталуы талапқа сай,пайдаланылатын ыдыстың қолдану сапасы жақсы деңгейде.Тамақ дайындайтын технологиялық жабдықтар (тамақ пісіруге,су қайнатуға арналған 3 плита,пирожки,котлет,тәтті булкилер пісіруге арналған 2 пеш) бар екендігі,жұмыстық жағдайы жақсы екендігі анықталды.Асхананың жанында оқушылардың қолын жууға арналған бөлме орналасқан және ыдыстарды жуу бөлмесі және жабдықтарда бар.Мектеп асханасында 1 аспаз,1 көмекші,2 ыдыс жуушы және 1 еден жуушы қызмет атқарады.Зерделеу кезінде асхана қызметкерлерінде үнемі бетперде (маска),қолғап,аспазшыда арнайы форма болды.Тексеру уақытында ас мәзірі бойынша күнделікті тағам дайындалатындығы,мәзір бойынша дайын ас көлемінің шығымы өз деңгейінде,тағамның дәмдік сапасы нормаларға сәйкес келеді.Дайындау дәмді және сапалы.Сонымен қатар,күнделікті мектеп асханасында үнемі самса,картон,орамжапырақ (капуста) салынған пирожки,тәтті булкилер дайындалып отырады.Бракераждық комиссия мүшелерімен және қамқоршылық кеңес мүшелерімен тексеру кезінде мектеп асханасында тыйым салынған тағамдар мектеп асханасында анықталған жоқ.Мектептегі тамақтануды ұйымдастыру сапасын зерделеу қорытындысы бойынша ыстық тамақтың дайындалуы,берілу сапасы жақсы деңгейде,ешқандай арыз-шағым жоқ екендігі және улану фактілері болмағандығы анықталды.

Мектеп директоры:  А.Мендігереева

Орындаған:

әлеуметтік педагог Н.Рахметқалиева



